

**Серикбаева Айжан Дуйсенбаевнаның «6D021300 – Лингвистика»
мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынған
«Виртуалды коммуникациядағы тілдік жаңартпалар: кодификациялау
және лексикографиялау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысының
АНДАТПАСЫ**

Зерттеудің өзектілігі. ХХІ ғасырдың екінші онжылдығынан бастап адамзат өркениетінде қарқынды дамып келе жатқан цифрлық орта мен технологиялық үдерістер тілдің коммуникацияның құрылымын, қызметі мен мамзұнын да түбегейлі өзгертіп, жаңа лингвистикалық реалиялар мен тілдік құбылыстардың пайда болуына түрткі болды. Интернетке негізделген қарым-қатынас түрі – виртуалды коммуникация – қазіргі тілдік кеңістіктің өзгеше әрі белсенді формасына айналды. Атап айтқанда, әлеуметтік желілер, мессенджерлер, форумдар мен блог-платформалар секілді интернет алаңдарында қалыптасқан жаңа тілдік құбылыстар мен құрылымдар дәстүрлі лингвистикалық нормалар мен жүйелердің шеңберінен шығып, өзіндік сипатымен ерекшеленетін жаңа кодтар жүйесін қалыптастарды. Бұл жағдай қазақ тілінде қалыптасып, дамып келе жатқан виртуалды кеңістікте де айқын байқалады.

Қазіргі заманғы ақпараттық қоғамның басты ерекшеліктерінің бірі – коммуникациялық технологиялардың үздіксіз дамуы мен жаһандану жағдайындағы цифрлы кеңістіктің экспансиясы. Бұл өзгерістер тілдің әлеуметтік қызметіне ғана емес, оның құрылымына, даму бағыттарына, қолданыс аясына да ықпал ететіні белгілі. Осы тұрғыдан виртуалды коммуникация – тілдік қатынастың жаңа түрі ретінде лингвистикалық пәнаралық зерттеу нысанына айналды. Қазақ тілді интернет қолданушылары арасында қалыптасып келе жатқан жаңа сөзқолданыстар, трансформацияланған құрылымдар, графикалық және аудиовизуалды құралдармен біріктірілген мәтіндер – осы бағытта жүйелі лингвистикалық талдауды қажет ететін өзекті нысандардың бірі. Виртуалды коммуникацияда туындайтын мұндай мәтіндер бір ғана тілдік кодпен шектелмей, бейнелік, дыбыстық, графикалық элементтерді кешенді түрде қолданатын интегралды құрылым ретінде көрініс береді. Бұл құрылымдар дәстүрлі лингвистикалық үлгілерге «сыймайтын», күрделі, көпқұрылымды, креоланған сипатқа ие.

Бүгінгі таңда қазақ тіліне тән виртуалды кеңістіктегі тілдік жаңартпалардың табиғаты мен құрылымын зерттеудің қажеттілігі бірнеше себептерге негізделеді. Біріншіден, тілдің динамикалық дамуын, бейімделу әлеуетін және әлеуметтік функционалдық бейнесін дәл осы коммуникациялық алаң айқын көрсетеді. Екіншіден, бұл тілдік өзгерістер мен жаңартпалар нақты прагматикалық мақсаттарды – экспрессия, эмоция, реніш, юмор, келісу / келіспеу, шеттету, тіл табысу сияқты әрекеттерді іске асырудың жаңа формаларын қамтиды. Үшіншіден, еліміздегі мемлекеттік тіл саясаты, тіл мәдениеті мен нормаларын сақтауға бағытталған ұстанымдар, сондай-ақ цифрлы кеңістіктегі қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту мәселесімен байланысты виртуалды коммуникациядағы тілдік жаңартпаларды жүйелі түрде кодификациялау және лексикографиялау аса маңызды болып отыр. Өйткені интернет-коммуникацияда пайда болып жатқан

неологизмдер, графемалық қысқартулар, шеттілдік кірме формалар, гибриді тілдік құрылымдар сияқты тілдік жаңартпалардың қолданыс белсенділігі артқанымен, олар ғылыми тұрғыдан жүйелеу қолға алына қоймады және тілдік стандарттар мен нормативтік лексикографиядағы орны белгіленбей отыр. Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында қазақ тілін қоғамдық қатынастардың әралуан салаларындағы қолданыс аясын кеңейту үшін қолайлы тілдік орта қалыптастыру, қазақ тілінің заманауи үлгіге сай бейімдей отырып, дамыту, жаңа технологияларға негіздей отырып, цифрлық кеңістіктегі қазақтілді ресурстарды ұлғайту міндеттері белгіленген. Осы тұрғыдан алғанда, виртуалды коммуникациядағы тілдік жаңартпаларды кодификациялар мен лексикографиялау – қазақ тілін дамыту мен бейімдеудің, тілдік қауіпсіздік пен ұлттық тіл кеңістігін нығайтудың маңызды қадамы.

Зерттеудің нысаны. Виртуалды коммуникациядағы қазақтілді мәтіндерде пайда болған және қолданысқа енген тілдік жаңартпалар.

Зерттеу пәні. Қазақ тілді виртуалды коммуникация мәтіндеріндегі тілдік жаңартпалардың типологиясы, құрылымы, қолданыс аясы және кодификациялау мен лексикографиялаудың жолдары.

Зерттеудің мақсаты: Виртуалды коммуникация кеңістігіндегі қазақтілді мәтіндерден тілдік жаңартпаларын анықтау, оларды кодификациялау және лексикографиялау мәселелерін айқындау.

Зерттеудің міндеттері: Диссертациялық жұмыстың мақсатына қол жеткізу үшін төмендегідей міндеттер алға қойылды:

- қазақтілді виртуалды коммуникацияда пайда болған тілдік жаңартпаларды лингвистикалық тұрғыдан жүйелеу, сұрыптау және типологиялық жіктемесін жасау;

- виртуалды коммуникациядағы қазақтілді тілдік жаңартпаларының пайда болу уәждерін кешенді тілтанымдық тұрғыдан анықтау, интернет арқылы ағылшынтілді кірме формалар мен графемалық-эмоذجи таңбалардың қазақтілді ортада игерілуін әлеуметтік және прагматикалық тұрғыдан негіздеу;

- қазақтілді виртуалды коммуникация мәтіндеріндегі тілдік жаңартпалардың тілдік нормаға сәйкес кодификациялаудың ғылыми-теориялық негіздерін айқындай отырып, тілдік жаңартпаларды кодификациялаудың қазіргі қазақ тілінің нормативтік жүйесімен арақатынасын саралау;

- виртуалды коммуникация мәтіндеріндегі тілдік жаңартпалардың қолданыс жиілігі, контекстік прагматикасы мен экспрессивтік сипаты бойынша нормалық мәселелер бойынша кодификациялаудың лингвистикалық әдістерін ұсыну;

- лексикографияның теориясы мен практикасына сүйене отырып, виртуалды мәтіндерде пайда болған және қолданыс тапқан тілдік жаңартпаларды қазақ тілінің сөздік құрамына енгізудің межелері мен талаптарын айқындау және лексикографиялаудың лингвистикалық мүмкіндіктерін қарастыру.

Зерттеу әдістері. Диссертациялық зерттеуде кешенді лингвистикалық талдау әдістері, нақты айтқанда, тілдік материалдарды жүйелеу және өңдеу, топтастыру және сұрыптау тәсілдері; лингвистикалық бақылау, салғастырмалы

және типологиялық сипаттау әдістері, статистикалық әдіс, семантикалық талдау, проекциялау, мәтінді интерпретациялау, модельдеу, корпустық талдау әдістері қолданылды.

Зерттеудің дереккөздері. Диссертациялық жұмыстың дереккөздері ретінде неологизмдер сөздігі, instagram әлеуметтік желіде оқырмандары 1 млн-нан 9 млн-ға дейінгі, парақшасын қазақ тілінде жүргізетін 9 ашық аккаунт материалдары ретінде пайдаланылды. 800 жуық пост, 90 000 тарта пікір жиналды. Сонымен қатар threads әлеуметтік желіде жарияланған жазбалар тілдік материал ретінде қарастырылды.

Диссертациялық жұмыстың теориялық-әдіснамалық негіздерін зерттеу нысанына сәйкес, қазақстандық және шетелдік ғалымдардың ғылыми тұжырымдары мен идеялары құрайды. Атап айтқанда, қазақ тілінің дамуы мен виртуалды кеңістіктегі тілдік жаңартпалардың пайда болуы және кодификациялау мен лексикографиялаудың лингвистикалық негіздері, виртуалды коммуникация жанрлары және ондағы ауызша / жазбаша сөз элементтерінің арақатынасы; виртуалды коммуникацияның формалары мен лингвистикалық ерекшеліктері, сонымен қатар зерттеу үдерісінде лингвофилософия, лексикология, неология, социолингвистика, ономазиология, нормативті лексикография, неография және лингвистикада компьютерлік технологияны қолдануға қатысты ізденістер бойынша лингвистикалық зерттеулердегі бұрыннан бар ғылыми әзірлемелер, тәжірибе-кейстер қолданылады.

Зерттеу жұмысының теориялық және практикалық құндылығы. Еңбектің теориялық маңызы – қазіргі қазақ тіл білімінде лексикология, ортологиялық кодификация теориясы мен практикасы, лексикография, әлеуметтік лингвистика саласына өзіндік үлес қосатыны, осы салалардың жаңа мәліметтермен толығатыны диссертациялық жұмыстың теориялық құндылығын көрсетеді. Сонымен қатар лингвистика бойынша оқытатын арнаулы курстар мен дәрістерде, түсіндірме және неологизмдер сөздігін құрастыруда пайдалануға болады. Зерттеу бойынша алынған нәтижелер Қазақ тілінің ұлттық корпусындағы (ҚТҰҚ) тілтанымдық аннотацияларды, әсіресе ҚТҰҚ лексика-фразеологиялық белгіленімін әзірлеуде, сөздіктердегі неологизмдердің стильдік-функционалдық ерекшеліктерін көрсетуде, тіл ұстарту, тіл үйретуде арналған ІТ шешімдер мен ІТ-қосымшалар жасауда кеңінен пайдаланыла алады.

Жұмыстың ғылыми жаңалығы.

– виртуалды коммуникация жағдайында реалды тілдік қатынас үлгілері жаңа цифрлы ортаға икемделіп, дәстүрлі тілдік бірліктердің құрылымдық және прагматикалық қасиеттері өзгеріске түсіп, жаңа қолданыс нормаларын қалыптастыратындығы айқындалды;

– қазақ тілінің тарихи қолданысынан шығып қалған, алайда виртуалды кеңістіктегі ұлттық-мәдени кодтар мен әлеуметтік трендтердің ықпалымен бастапқы семантикасын сақтай отырып, қайтадан белсенді қолданысқа енген төл сөздер семантикалық жаңартпалар ретінде сипатталды;

– қазіргі қазақтілді виртуалды коммуникация мәтіндерінде тілдің лексикалық деңгейіндегі жаңартпалар – неологизмдер, гибридтер, кірме

формалар – семантикалық мағына жаңартуларына қарағанда жиі әрі прагматикалық тұрғыда белсенді қолданылатындығы дәлелденді;

– виртуалды коммуникацияда пайда болған қазатілді жаңартпаларды кодификациялануында босаң норма басымдыққа ие екендігі дәйектелді және бұл құбылыс тіл жүйесінің динамикалық және бейімделу табиғатын көрсететін фактор ретінде негізделді;

– қазіргі қазақтілді виртуалды коммуникациядағы мәтіндер «сығылып», қысқартылып, көпкодты кешенді құрайтындығы, сондай-ақ мәтін иллюстрациялық материалдарымен бірге тұтас бір кешен ретінде қарастырылып, визуалды әсер ету үшін иллюстрация, кесте, инфографика, бейне т.б. қоса берілетіндігі анықталды.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:

1. Қазіргі қазақтілді Виртуалды коммуникация мәтіндері гетерогенді жазулардың аралас келуімен ерекшеленеді, олар виртуалды ортада поликодты мәтін ретінде танылады, адресатқа әсер ету мақсатында пайдаланатын түрлі көркемдеуіш құралдар (эмотикон, стикер, GIF сурет, аудио, видео, цифрлар, таңбалар, инфографикалар) виртуалды коммуникация мәтінінің ажырамас бөлігі болып есептеледі, олар тұтас кешен ретінде қабылданады.

2. Виртуалды коммуникация мәтіндеріндегі тілдік жаңартпалардың қатарында реалды коммуникацияда қолданылатын бейтарап сөздер, қолданыстан шығып қалған архаизмдердің прагматикалық қайта жаңғыруынан жасалған тарихи лексика да кездеседі, бұндай тілдік жаңартпалар контекстік жүктемеге ие болып, прагматикалық, стилистикалық және мәдени кодтардың жиынтық кешені ретінде қазақ тілді виртуалды коммуникация мәтіндерінің атрибутына айналған.

3. Қазақтілді виртуалды кеңістіктегі мәтіндердегі лексикалық тілдік жаңартпалардың басым бөлігін ағылшын тілінен енген кірме сөздер құрайды. Виртуалды мәтіндерде семантикалық жаңартпалар қарғанда лексикалық жаңартпалар жиі кездеседі. Бұл үдеріс интернет-дискурстағы қолданушылардың жылдамдық және үнемділік сұранысына жауап береді. Сонымен қатар мұндай мәтіндерінде функционалдық стильдердің араласуы, экспрессивтік-эмоционалдық әсер тудыру мақсатында тілдік ойындардың кеңінен қолданылуы, көркемдеуіш өрнектер мен прагматикалық реңктердің көбеюі қазіргі виртуалды тілдік қатынастың күрделі, креативті әрі көпқабатты табиғатын көрсетеді.

4. Қазақтілді виртуалды коммуникация мәтіндерінде дәстүрлі тілдік нормадан әдейі немесе бейсаналы түрде ауытқу, сондай-ақ босаң нормаға негізделген сөзқолданыстар жиі кездеседі. Бұл жағдай грамматикалық құрылымның дәстүрлі талаптары сақтала бермейтін, нормадан тыс формалар мен қате құрылымдардың белең алуымен байланысты қалыптасты. Осындай тілдік ауытқулар – қарым-қатынастағы үнем мен жылдамдықтың, экспрессивтілік пен тұлғалық еркіндікке ұмытудың нәтижесі. Бұл үдеріс виртуалды коммуникация мәтіндеріндегі тілдік жаңартпалардың артуына, қарым-қатынастың дербес әрі бейстандарт сипат алуына әкеліп отыр.

5. Виртуалды коммуникация кеңістігінде тілдік жаңартпалардың қалыптасуы бір жағынан тілдің бейімделу қабілетін арттырып, жаңа

қолданыстар мен формалардың пайда болуына ықпал етсе, екінші жағынан дәстүрлі тілдік нормалардың әлсіреуіне, сөйлеу тіліне тән құрылымдардың жазба коммуникацияда үстем болуына, орфографиялық және грамматикалық сауатсыздықтың таралуына негіз болады. Осындай жағдайда тілдік тұрақтылық пен нормативтік жүйені сақтау үшін кодификация үдерісі неографиялық сөздіктермен және цифрлық коммуникацияға бейімделген лексикографиялық құралдармен тығыз байланысты іске асуы тиіс, өйткені бұл құралдар жаңа коммуникациялық реалияларды ескеріп, тілдік бірліктерді жүйелеу мен стандарттаудың пәрменді тетігі ретінде қызмет атқара алады.

6. Қазіргі заманғы лексикография тек тілдік бірліктерді тіркеу мен сипаттау емес, ең бастысы, цифрлық технологиялар мен қоғамның лингвомәдени динамикасын ескере отырып, тілдің өзектілігін, бейімделгіштігін және функционалдық әлеуетін арттыруға бағытталған көпқырлы үдеріс ретінде қарастырылады. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ тілінің сөздік кеңістігін жаңғыртуды дәстүрлі әдістер мен жасанды интеллект, мәшинелік оқыту, үлкен деректерді өңдеу сияқты заманауи ресурстарды интеграциялау арқылы жүзеге асыру – уақыт талабы және ұлт тілінің болашағын қамтамасыз етудің маңызды тетігі.

Зерттеу жұмысының мақұлданымы: Диссертацияның материалдары мен негізгі тұжырымдары мақала түрінде мақұлданымнан өтті, оның ішінде 1 мақала Scopus базасына енетін ғылыми журналда, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары саласындағы сапаны бақылау комитеті ұсынған басылымдарда 8 мақала жарияланды.

Зерттеу жұмысының құрылымы. Диссертациялық жұмыс Кіріспеден, екі бөлімнен, Қорытындыдан, Пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және Қосымшадан тұрады.